

Музыкалық жетекшінің есебі

Осы оқу жылында атқарылған іс шаралар

2 қыркүйек күні 8 «А» сыныбында «Менің Отаным-Қазақстан!» атты алғашқы сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақстан тарихы, мәдениеті мен жетістіктері туралы білімдерін кеңейту, заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, Бірлікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушыларға Отан туралы ой қозғау жүргізілді. Айару жасанды интеллект көмегімен дайындалған видеоны таныстырды. Видео арқылы Қазақстанның табиғаты, тарихи жерлері мен жетістіктері көрсетілді. Оқушылар шағын топтарға бөлініп, «Менің Отаным» тақырыбында постер жасап, қорғады. Постерлерінде Қазақстанның байлығы, мәдениеті мен болашағы туралы ойларын жеткізді. Музыкалық бөлімде оқушылар патриоттық әндерді караоке түрінде орындады. Сынып сағаты өз мақсатына жетті. Оқушылар Қазақстан туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамытты және патриоттық сезімдерін нығайтты. <https://www.facebook.com/share/v/18ac7Sv31y/>

6 қазан күні 8 "А" сыныбында «Ұстаз — нұрлы жолдың шамшырағы» атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: ұстаз еңбегін дәріптеу, алғыс айту, шығармашылық қабілетті дамыту. Сабақ барысында оқушылар акrostих жасап, ұстаздарына деген ризашылықтарын жүректен жеткізді. Өз қолдарымен жасаған гүл шоғын ұстазға табыстады <https://www.facebook.com/share/1CF5FJ44SM/>

2025 жылы қазақ музыкасының көрнекті өкілі, әйгілі композитор Әбілахат Еспаевтың туғанына 100 жыл толуына орай мәдени - танымдық сағат ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – композитордың шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттау, ұлттық музыкаға деген қызығушылықты арттыру және оның әндеріндегі тәрбиелік мәнді ұғындыру болды. Шара барысында қатысушыларға композитордың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін бейнеролик көрсетілді, онда Әбілахат Еспаевтың қазақ музыка өнеріндегі орны мен оның елге кеңінен тараған әндері туралы тың деректер ұсынылды. Танымдық сағатта композитордың елге кеңінен танымал әндері "Ақ тайлақ" және "Ақ сәулем" орындалып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Әндер жастардың орындауында шырқалып, залдағы тыңдаушыларды тебіrentті. Сонымен қатар ұлттық өнердің бір көрінісі ретінде "Ортеке" биі биленіп, кештің көркемдік деңгейін арттырды. Бұл би көрермендерге ерекше көңіл күй мен ұлттық нақыш сыйлады. Іс-шара өте мазмұнды өтті. Қатысушылар композитордың өмір жолы мен шығармашылығына терең бойлап, оның өнерінің мәңгілік екенін ұғынды. Танымдық сағат барысында көрермендер рухани байып, ұлттық өнерге деген құрметтері арта түсті.

<https://www.facebook.com/share/v/19jzoU8fLu/>

13 қазан күні 6А, 8А, 9 А сыныпта "Ойынға салауатты көзқарас" атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға ойынның адам өміріндегі орны

мен маңызын түсіндіру, денсаулыққа пайдалы және зиянды ойын түрлерін ажырата білуге баулу, салауатты өмір салтын насихаттау. Сынып сағаты барысында оқушыларға ойын түрлері, оның денсаулыққа әсері туралы түсінік берілді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында әртүрлі танымдық және қимыл-қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Ойындар арқылы балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы нығайып, сергектік пен белсенділік танытты. Сонымен қатар, зиянды ойындардың, әсіресе компьютерлік және телефондағы тәуелділік тудыратын ойындардың әсері туралы пікір алмасу жүргізілді. Оқушылар ойынның тек қызықты ғана емес, пайдалы және салауатты болуы керектігін түсінді. Сынып сағаты жоғары деңгейде өтті, оқушылар белсенділік танытып, өз ой-пікірлерін ашық білдірді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

10 қараша күні 6–8 сынып оқушыларымен «Ұлттық валюта – елімнің мақтанышы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге туралы мағлұмат беру, оның тарихы мен маңызын түсіндіру; экономикалық сауаттылықты арттыру, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаудан басталды. Оқушылар Теңге күніне арналған бейнеролик көріп, ұлттық валютаның шығу тарихы мен маңызы жайында әңгіме жүргізді. «Елдер және олардың валюталары» атты танымдық ойын ұйымдастырылып, қатысушылар әр елдің атауын тиісті валютамен сәйкестендірді.

«Біздің теңге – біздің мақтанышымыз» тақырыбында пікірталас өтіп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Сабақ соңында викторина өткізіліп, белсенді оқушылар мадақталды. <https://www.facebook.com/share/p/1Jte2Eh7Gp/>

6 сәуір күні 8 «А», 8 «Б» сыныптарында «Салауатты өмір салты – табысты болашақтың негізі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Шара барысында оқушылармен «Салауатты өмір салты» атты танымдық ойын баскетбол түрінде ұйымдастырылып, белсенді түрде қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сонымен қатар «Менің күн тәртібім» тренингі өткізіліп, оқушылар өздерінің күн тәртібін тиімді жоспарлау туралы ой бөлісті.

Сынып сағатына мектеп медбикесі қатысып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі және зиянды әдеттердің алдын алу туралы пайдалы ақпарат берді.

Іс-шара оқушылардың денсаулыққа деген жауапкершілігін арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Cj7FG1fHU/>

13 сәуір күні 8 сыныпта "Байқоңырға апаратын сапар" атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты барысында оқушылар ғарыштың маңызы, оның зерттелуі туралы ақпарат алды. Атап айтқанда, Юрий Гагаринның ғарышқа алғаш ұшуы, сондай-ақ Қазақстандық ғарышкерлер Токтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтың жетістіктері таныстырылды.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, сұрақ-жауап, танымдық ойындарға қатысты. Сонымен қатар, ғарыш тақырыбында сурет салу тапсырмасы

беріліп, оқушылар өз қиялдарын шығармашылық тұрғыда көрсете білді. Сынып жетекші Садуакасова Б.С. <https://www.facebook.com/share/p/1Axr7Ej2xt/>

15 сәуір күні ұстаздармен «Шығармашылық зиялылар: Ұрпақтар үндестігі» әдеби кеші ұйымдастырылды. Білім мен өнердің алтын ордасында өткен бұл кеш – ұстаздардың шығармашылық әлеуетін танытқан ерекше рухани мереке болды. Кеш барысында: «Сөз мергені» квестінде ұстаздар әдеби білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін көрсетті. «Тізбек» әдісі арқылы поэзияға деген сүйіспеншілік пен ұрпақтар сабақтастығы айқындалды. «Әуенді тап» ойыны көңілді серпіліс сыйлады. «Болашаққа хат» бөлімінде жүрекжарды тілектер мен өсиеттер жазылды.

Кеш соңы халық әндерімен қорытындыланып, барша қатысушылардың жүрегіне ерекше әсер қалдырды. <https://www.facebook.com/share/v/18Py9Hox6c/>

Бұл кеш – тек өнер мерекесі ғана емес, руханият пен шығармашылықтың үндескен сәті, ұстаздар қауымының биік болмысының көрінісі болды.

20 сәуір күні 8-сыныпта «Менің болашақ мамандығым» атты ашық сынып сағаты өтті. Оқушылар «Ассоциация» және «Пантомима» ойындары арқылы түрлі кәсіп иелерінің рөліне еніп, өздерінің мықты жақтарын анықтауға тырысты. Сабақ барысында заманауи мамандықтар (IT, дизайн, медиа) мен дәстүрлі салалардың (заңгерлік, құрылыс) ерекшеліктері талқыланды. Арнайы тест нәтижесінде оқушылар өз қабілеттерін (техникалық, гуманитарлық немесе шығармашылық) саралай алды. Болашақ иелері өз армандарына жету үшін бүгіннен бастап нақты жоспар құру керектігін ұғынды. <https://www.facebook.com/share/p/1Ar3gXkAEd/>

27 сәуір күні 8-9 А сыныбында «Бірлік бар жерде – тірлік бар» тақырыбында тәрбиелік сағат өтті. Сабақтың мақсаты – оқушыларға бірлік, достық, татулық ұғымдарының маңызын түсіндіру, әр ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында оқушылар белсенді қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, олардың мағынасын түсіндірді. Сонымен қатар «Достық ағашы» атты шығармашылық тапсырма орындап, өз ойларымен бөлісті.

Іс-шара өте қызықты әрі танымдық деңгейде өтті. Оқушылар бірлік пен ынтымақтың маңызын түсініп, жақсы әсер алды.

<https://www.facebook.com/share/v/1HfCKtxYg3/>

28 сәуір күні «Балдәурен» шағын орталығында «Тыңдаймыз да ойнаймыз» музыкалық іс-шарасы аясында бүлдіршіндер сылдырмақтар биін биледі. Іс-шара «Заң мен тәртіп» идеологиясымен ұштасып, балаларға тәртіп сақтаудың, бір-бірін тыңдаудың және құрметтеудің маңызын би арқылы түсіндіруге бағытталды. Бүлдіршіндер музыка ырғағымен қозғалып қана қоймай, ортақ ережелерді сақтауды, ұйымшылдықты және жауапкершілікті үйренді.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай 8–9 сынып оқушыларымен тәрбиелік мәні зор сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың патриоттық сезімін ояту, елін, жерін қорғауға деген құрметін арттыру, әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру болды.

Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, түрлі форматтағы викториналық сұрақтарға жауап берді. Сұрақтар Қазақстан армиясының тарихы, әскери атақтар, қару-жарақ түрлері мен батыр тұлғалар туралы қамтылды. Бұл бөлім оқушылардың білімін шыңдап қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтуге ықпал етті. Сонымен қатар, оқушылар бірнеше әскери бағыттағы тапсырмаларды орындады. Атап айтқанда, саптық жаттығулар элементтері, жылдамдық пен ептілікті талап ететін тапсырмалар, логикалық ойлауды қажет ететін жағдаяттық сұрақтар берілді. Әр оқушы тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысты. <https://www.facebook.com/share/p/1Ggk4i7FB6/>

18 мамыр күні 8-9 сыныбында сынып сағаты техника қауіпсіздігі тақырыбына арналды. Іс-шара барысында білім алушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға арнайы жадынамалар таратылып, күнделікті өмірде және оқу барысында кездесетін қауіптердің алдын алу жолдары айтылды. Сонымен қатар техника қауіпсіздігіне байланысты бейнематериал көрсетіліп, оқушылардың тақырып бойынша түсініктері кеңейтілді. Сынып сағаты соңында барлық білім алушылар қауіпсіздік инструктажымен танысып, арнайы журналға қол қойды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және жауапкершілігін арттыру. <https://www.facebook.com/share/p/1BcfWprza3/>

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Қаратал орта мектебінде "Мен тек мұғалім емеспін" челленджі ұйымдастырылып, ұстаздар өздерінің шығармашылығы мен жан-жақтылығын көрсеттім. <https://www.facebook.com/share/v/17CC737985/>

Қатысқан конкурстар:

1. Республикалық "Ақ бота-25" байқауы – Некрасов Данила 1 орын.
2. Математика пәні мұғалімдеріне арналған аудандық подкастар байқауы «Все вокруг-геометрия» - диплом 1 орын

Келесі оқу жылына жоспар (Міндеттер):

1. Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жалғастыру.
2. Емтихан тапсыратын сыныптармен логикалық және күрделі теңдеулерді шығару бағытында жұмысты күшейту.
3. Олимпиадаға дайындық жоспарын ерте бастан құрып, жүйелі жүргізу.
4. Сабақтан тыс уақытта (музыкалық үзілістер, сергіту сәттері) балалармен жұмыс істеуге арналған шағын аудио-жинақтар мен нұсқаулықтар әзірлеу.
5. Мерекелік іс-шаралар мен ертеңгіліктердің мазмұнын заманауи бағытқа бұру
6. Ән мен би репертуарында қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, фольклорына және ұлттық ойындарына басымдық беру.